

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Текше (куб)

ЖАРИЯЛАНДЫ  
11.10.2020

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimgger.kz/82777/>

Мектеп :	№61ЖББОМ						
Пәні:	математика						
Мұғалімі:	Қосназарова Анаргүл Бакитовна						
Сабақтың тақырыбы	Текше (куб)						
Сынып	3 - сынып						
Оқу мақсаты	3.3.2.3 кеңістіктік геометриялық фигуралардың (куб) жазбасын дайындау және олардың моделін құрастыру						
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> <li>o Кеңістік геометриялық фигуралардың жазбасын мұғалімнің көмегімен дайындау және моделін құрастыру</li> <li>o Өз бетімен кеңістіктегі геометриялық фигуралардың моделінің алгоритмін құрастыру</li> <li>o Кеңістік фигураларын төбелер саны бойынша жіктеу, дәлелдеу</li> </ul>						
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> <li>o кеңістіктегі геометриялық фигуралардың жазбасын дайындайды</li> <li>o текшенің (куб) моделін құрастырады</li> </ul>						
Тілдік мақсаттар	<p><b>Пәнге тән лексика мен терминология</b> Текше, төбелер, қыры, жақтары</p> <p><b>Талқылау сұрақтары:</b> -Текшенің неше төбесі, жағы, қыры бар? -Бұл фигураны қандай ойыншықтардан табуға болады?</p>						
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу, түсіну, қолдану						
Құндылықтарды дарыту	Ынтымақтастық; оқушылар сабақты бірлесіп отырып жұмыс жасау						
Пәнаралық байланыс	Көркем еңбек текше моделіні жасау; Дүниетану пәнінен қоршаған ортадан кеңістік фигураларына мысал келтіру						
АКТ қолдану дағдылары							
Бастапқы білім	нүктелі қағазда параллель және қиылысатын түзулер сызу						
Сабақтың барысы							
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар					
Сабақтың басы	<p><b>Ширату: «Артықты алып таста» әдісі</b>  <b>Тапсырма</b>          — Жазық және кеңістіктегі геометриялық фигураларды қолымызбен ұстап қарайық. Осы фигураларды салыстырыңыздар. Не байқадыңыздар? Сіздің ойыңызша қандай пішін артық және неліктен?          — Жазық бетінде орналасқан фигураларды алақанмызбен жабуға болады, ал кеңістік фигуралары (текше) көлемі болғандықтан қолмен жаба алмаймыз.</p> <table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <tr> <td style="width: 50%;"></td> <td style="width: 50%;"><b>Ұқсастығы</b></td> </tr> <tr> <td style="height: 20px;"></td> <td style="height: 20px;"></td> </tr> </table> <p>ҚБ: Кеңістік фигураларының көлемі бар екенін түсінеді.          МТ: ОМ хабарлаймын</p>				<b>Ұқсастығы</b>		
	<b>Ұқсастығы</b>						

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p><b>ТЖ. «Моделін жаса» әдісі</b> (жаңа сабақты түсіну мақсатында, білу, түсіну дағдыларын қалыптастыру)</p> <p><b>Тапсырма:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Түтіктер мен ермексаздан текшенің моделін жаса</li> <li>2. Текшенің қыры, жақтары, төбелерін сана</li> <li>3. Текше моделін дайындау алгоритмін құр</li> </ol> <p><b>Тұжырым:</b> «Текше (куб)» Текше – барлық жақтары шаршы болып келетін көлемді фигура.</p> <p><b>ҚБ.</b> Текшенің жағын, қырын, төбесін ажыратады. <b>Уәждеу:</b> Текшенің моделін жасауды үйрендіңдер, жарайсыңдар!</p> <p><b>ЖЖ. «Тәжірибелік жоба» тәсілі</b> (жаңа сабақты талдау, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру)</p> <p><b>Тапсырма:</b> Кубты жаю алгоритмі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. 4 * 4 см түріндегі 6 біріктірілген квадратты сал;</li> <li>2. Қабырғаларын жабыстыру үшін квадраттың әрбір жиегінен 1 см алып, қиып алыңдар;</li> <li>3. Дайын бөлікті кесіп алып, бүйір қырларын барлық сызықтарымен бүкте;</li> </ol> <p><b>Дескриптор</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Текшенің жазбасын жасайды</li> <li>2. Текшенің қыры, жақтары, төбелерін жазады</li> <li>3. Текше моделін дайындау алгоритмін құрастырады</li> </ol> <p><b>ҚБ:</b> жұпаралық бағалау «Бір ой, бір тұжырым»</p> <p><b>Нәтиже бойынша саралау</b></p> <p><b>ҚБ: «Кубизм» тәсілі.</b> (жаңа материалды түсінгенін анықтау және дәлелдеу, қолдану дағдыларын қалыптастыру)</p> <p><b>Тапсырма:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1 жағы – кеңістіктегі геометриялық фигураны (куб) сипатта</li> <li>2 жағы – кеңістіктегі геометриялық фигураның жазықтық фигурасымен салыстыр</li> <li>3 жағы – Текшенің қыры, жақтары, төбелерін зерттеңіз</li> <li>4 жағы – Текше моделін жасау алгоритмін талда</li> <li>5 жағы – Күнделікті өмірде кездесетін кеңістіктегі геометриялық фигураларын қолдануға мысал келтір</li> <li>6 жағы – Кеңістік геометриялық фигуралардың өмірде маңызын дәлелде</li> </ol> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>o Кеңістіктегі геометриялық фигураны (куб) сипаттайды, зерттейді</li> <li>o Кеңістіктегі геометриялық фигураның жазықтық фигурасымен салыстыр</li> <li>o Күнделікті өмірде кездесетін кеңістіктегі геометриялық фигураларын қолдануға мысал келтір, маңызын дәлелдейді</li> </ul> <p><b>Қарқын бойынша саралау</b></p>	
<p>Сабақтың соңы</p>	<p><b>«Рефлексивті толқын» әдісі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>o Өзімді қалай сезіндім?</li> <li>o Басқаларға көмегім тиді ме?</li> <li>o Бүгін не үйрендім?</li> <li>o Бұл білімімді қайда қолданамын?</li> </ul>	<p>Рефлексивті толқын</p>
<p><b>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</b></p> <p>Қолдауды қажет ететін оқушыларға кеңістіктегі геометриялық фигуралардың моделін құрастыру алгоритмін бірге дайындап көрсетемін; Орташа қолдауды қажет ететін оқушыларға кеңістіктегі геометриялық фигуралардың жазбасын топтастыруға үлгі ұсынамын; Аз қолдауды қажет ететін оқушыларға кеңістік геометриялық фигураларының өмірде маңызын дәлелдеуге бағыт беремін.</p>	<p><b>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</b></p> <p>«Артықты алып таста» тәсілімен бастапқы білімін жинақтайды; «Моделін жаса» тәсілі арқылы жаңа білімді игереді; «Тәжірибелік жоба» тәсілі арқылы жаңа сабақты талдап, сыни ойлау дағдыларын қалыптасады; «Кубизм» әдісімен жаңа материалды түсінгенін анықтайды және дәлелдеу, қолдану дағдыларын қалыптасады <b>Тәжірибелік жоба» тәсілі</b> (жаңа сабақты талдау, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру)</p>	<p><b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</b></p> <p>Жүппен, топпен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережелерін есте сақтау</p>

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.